

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

PEDAGOGY AND TEACHING METHODS

FTAMP 17.01.11

¹Ізбай Іңкәр Өмірбекқызы

¹С. Демирель атындағы университеті, Қаскелең қ., Қазақстан

ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВ «ҒАСЫРДАН ДА ҰЗАҚ КҮН» РОМАНЫНДАҒЫ УАҚЫТ ПЕН КЕҢІСТІК КАТЕГОРИЯСЫ

Аңдатпа. Мақалада қырғыз халқының жазушысы Шыңғыс Айтматовтың алғашқы туындыларының бірі «Ғасырдан да ұзақ күн» романы мен хронотоп мәселесі қарастырылды. Қазақ прозасындағы көркем уақыт пен кеңістік мәселесіндегі психологизм, кейіпкерлер әлемі, эмоциялық құбылулардың сюжет динамикасына әсері сөз болып, авторлық баяндауға ден қойылды. Көркем кеңістік пен уақыт байланысы күрделі сипат алған Шыңғыс Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн» романы талданды. Әдеби көркем туындыда кеңістік пен уақыт белгілері, оның сипатын беретін негізгі элементтер түр-түрге бөлініп шығарма құрылымын құрайды. Мақалада олардың арасындағы байланыс пен алшақтық, бірігуі мен бөлінуінің автор қолданысындағы көрінісі қарастырылды. «Боранды бекет» аталып кеткен Ш. Айтматовтың шығармасындағы сюжеттік құрылымында маңызды рөл атқарған уақыт және кеңістік категориясының түрлеріне кеңірек тоқталып, романнан үзінді мысалдармен дәйектелді.

Түйін сөздер: хронотоп, автор, әлеумет, психология, мәдени-тарихи хронотоп, кейіпкер, уақыт, кеңістік.

Аннотация. В статье анализируется одно из первых произведений киргизского писателя Чингиса Айтматова «И дольше века длится день» и рассматривается проблема хронотопа. Рассмотрены психологизм в проблеме художественного времени и пространства в казахской прозе, мир

персонажей, влияние эмоциональных явлений на динамику сюжета и авторское повествование. Проанализирован Чингиса Айтматова «И дольше века длится день» со сложной связью художественного пространства и времени. В литературном художественном произведении основные элементы пространства и времени, придающие ему характер, делятся на несколько видов и образуют структуру произведения. В статье рассмотрены взаимосвязь и расхождение между ними, отражение их слияния и разделения в авторском использовании. Важную роль в сюжетной структуре произведения Чингиса Айтматова «Боранды Бекет» сыграли типы категорий времени и пространства и были аргументированы отрывками из романа.

Ключевые слова: хронотоп, автор, социум, психология, культурно-исторический хронотоп, персонаж, время, пространство.

Abstract. The article analyzes one of the first works of the Kyrgyz writer Chinghiz Aitmatov «The Day Lasts Than a Hundred Years» and considers the chronotype problem. Psychologism in the problem of artistic time and space in Kazakh prose, the world of characters, the influence of emotional phenomena on the dynamics of the plot, and the author's narrative are considered. Analyzed by Chinghiz Aitmatov «The Day Lasts Than a Hundred Years» with a complex connection between artistic space and time. In a literary work of art, the main elements of space and time that give it character are divided into several types and form the structure of the work. The article examines the relationship and discrepancy between them, the reflection of their merger, and separation in the author's use. An important role in the plot structure of the work of Chinghiz Aitmatov «Borandy Beket» was played by the types of categories of time and space and were reasoned by excerpts from the novel.

Keywords: chronotype, author, society, psychology, cultural and historical chronotype, character, time, space

Шыңғыс Айтматов шығармаларына қазақ топырағының тыныс-тіршілігін арқау еткен жазушылардың бірі. Жазушы үшін қазақ пен қырғыз – бөліп-жаруға келмейтін біртұтас әлем. Екі халықтың қойы қоралас, ойы аралас болғанына бала күнінен куә болып, сезініп өскен. Бұл туралы жазушы: «қазақ пен қырғыздың тағдыры бір, тауқыметі де қуанышы да ортақ. Әуезові де ортақ» дейді[2]. Басқа түркі халықтарынан гөрі қазақтың

тағдыры таныс, тамыры жақын болғаннан болар өз ұлтындай шын сүйіп, бірнеше шығармасына оның тіршілігін арқау етеді.

«Ғасырдан да ұзақ күн» романы әлем әдебиеті классигі Шыңғыс Айтматовтың замана зары, адамзат пен Жер Ана трагедиясын қатар суреттеген туындыларының бірі. Романның негізі сюжеті темір жол бекетінде қырық жылдам астам өмір сүріп, еңбек еткен Қазанғаптың қаза болуы мен жерлеуіне байланыста өрбиді. Боранды Едіге мен ол көрген бар жанның өмір жолы Қазанғапты жерлемекші болған Ана-Бейтке апарар жолда баян етіледі. Бірақ бұл туындының бір ғана оқиғадан тұратын жұтаңдығын білдірмейді, керісінше бір өліммен бір ғасырға татитын уақыт шеңберіндегі өмірлер арпалысын баян етеді. Сонысымен де роман құрылымында уақыт пен кеңістік мәселесі маңызды рөл атқарған. Соғыстан кейінгі жылдардағы қарапайым еңбекші халықтың күйін Едіге мен әйелі Үкібаланың, Қазанғап пен Бекей, Әбутәліп пен Зәрипаның тұрмыс-тіршіліген, бастан өткергенінен көреміз.

«Бұл өлкеде пойыздар шығыстан батысқа қарай, батыстан шығысқа қарай жүйіткіп жатады...». Жазушы осы бір сөйлемге барлық оқиға желісін сыйғызғандай әсер қалдырған. Роман ішінде бір оқиға мен екінші оқиға арасы осы тірек мәтінмен жалғасып кетеді. Бастапқыда «жүйіткіп жатады» деп берілсе, оқиға барысы шиеленіскен сайын «заулап жатады», «жөңкіліп жатады» тіркестерімен алмасып отырады. Бірақ сөйлемнің негізі мазмұны сақталған. Тағы бір тірек ұғым ретінде Сарыөзек сақарасы алынып, ол да аталған сөйлемдерден кейін келіп, оқиғаның әсеріне қарай біресе көсіліп жатады, біресе құлазып жатады. Осы ұғымдардың өзінде үстеме мағына бар. Бұл да жазушының болар істен хабар беріп, болған істің нүктесін қою үшін қолданған тәсілі десек болады.

Уақыт туралы көзқарастардың дамуы – дамушы жаңа әдебиеттің жеткен жетістіктерінің бірі. Ақырындап айнала қоршаған ортадағының бәрі өзгермелі болып шықты: адамзат әлемі, жануарлар әлемі, өсімдіктер әлемі, «өлі табиғат» әлемі, аспан әлемі. Әдеби шығармаға дүниедегі қозғалыстың сан алуан формасымен қатар ондай форманың әлемде жалқы екенін түсіну қатты әсер етеді. Көркем шығармада уақыт және кеңістік өзара тығыз байланысты болғанымен, оларды жеке-жеке қарастырамыз. Көркем уақыт – әдеби шығармадағы грамматикалық уақытты да, жазушы ойындағы философиялық түсінікті де көркемдік талабымен өзіне бағындыратын көркемдік иірімдер[8]. Автор уақытты қысқарта не ұзаққа соза алады, баяу не тез өтуге мәжбүрлейді, тоқтаусыз ағып жатқан күйге түсіреді, кейде үзік-үзік етеді, кейде белгілі бір ретке сала немесе ретсіз

қыла алады (өткенге оралу, болашаққа көз жүгірту, қиялдау т.б.). Ал кеңістік – шындық болмыстың нақты көрінер тұсы, мұнда адам өзін-өзі және айналадағы қоршаған ортаны тани бастайды.

XX ғасырдың соңында жазылған қазақ прозасында хронотоптың бірнеше түрі көрініс тапқан. Бұл жазушының дүниетанымындағы, уақыт тенденциясының, шығармашылығы кемелдене түскен кезеңнің ерекшелігіне байланысты екені анық. Көркем шығармада кездесетін әлеуметтік, психологиялық, мәдени-тарихи, биологиялық, физикалық хронотоп түрлері кейіпкер болмысын толық ашуға ықпал етеді. Романда да хронотоптың бірнеше түрі кездесіп отырады, тіпті құрылымын бір бүтін қылып біріктіріп, жүйелеп тұр десек қателеспейміз.

Әлеуметтік хронотоп автор берген тұлғалардың ұстанымдарын көрсетуде, олардың романның негізгі оқиғасына деген қатынасын беруде қолданылады. Мысалы бір дәуірдің жұмысшылар, ғылыми қызметкерлер, билік өкілдерін, басшыларынның болмысын автор қоғамда түрлі бедел мен рөлге ие адамдар болмысы арқылы ашып отырады. Оның құрылымы сыртқы және ішкі деңгейде бақыланады[3]. Сыртқы деңгейде автор суреттеп отырған қоғамның болмысы мен сол қоғамда өмір сүретін сананың сипатына назар аударады. Онда мінсіздік пен адами қасиеттерге бет бұрған жандар негізі нысан ретінде алынған. Романда кейіпкер мінсіздікке ұмтылмайды, автор шешімі бойынша оқырман өз таным кеңістігінде кейіпкерді адамгершілік таразысына салып, бағамдайды. Соған сай романда негізі екі түрлі рухани бөлініс бірнеше кейіпкер арқылы бой көрсетеді. Бірі Боранды Едіге болса, екінші тарапта Қазанғаптың ұлы Сәбитжан. Бірі ата-салттан аттамай жан жолдасының соңғы тілегін орындамаққа ұмтылса, екіншісі – ата-ана алдындағы парызын шенді өмірдің арбауына түсіп, қалауына айырбастаған перзент. Сәбитжанның халқының ұлы емес, қара басының қамын ойлаған безбүйрек болып шыққаны Боранды Едігенің жан қиналысына әкеледі. Осы арқылы оның өзі білетін қоғамдағы берік қағида мен ұстанымдардың сол ортадан шыққан жеке адам санасында қалай сынып, жаншылатыны мәлім болады. Романда ел ішінде орын алған жағдайды Қазанғаптың өлімі десек, ондағы әлеуметтік хронотоп белгілері сол жағдайға басқалардың қарым-қатынасы бойынша өлшенеді. Өлікті арулау, жерлеу, Ана-Бейіт, оны таптап, ғарыш айлағын салу секілді оқиғаларға адамдардың ойы, көзқарасы қандай болғанына мән беру маңызды. Мысалы: Сәбитжанның әкесін апыл-ғұпыл көме салуы, жүзін жасыра салып, ізінше қайтып кетпекші болғаны, тіпті табалдырықты аттап шықсаң дүниенің қиырына дейіп көсіліп жатқан жер

жетпей, Ана-Бейітке жетуді аңсаған адамдардың мақсатын түсінбей сандалуы бір адамның бейнесі емес, тарихынан безініп, ескіліктен жерініп, мансап қуатын, енді тамыр жая бастаған әлеуметтік бір топтың бейнесі. Сонымен қатар Едігенің өткенді еске алып тұрып, алдында тұрған зіңгіттей жігіттің сырт-сипатынан бастап оның ішкі қалауына ойыса келіп замана қалпын аңғартады. Мысалы, «.. Жәпірейтіп қалпақ киіп, мыж-мыж галстук тағып алыпты. Бұл күнде қызмет облыс орталығында, содан да ірі, лауазымды болып көрінгісі келеді. Бірақ өмір деген мұттайым, лауазымды бастық болу оңай емес. Өзі талай шағынып айтқандай, арқа тұтар қолдаушың, тамыр-таныс, туысқаның болмаса – бәрі бекер. Боранды дейтін разьездегі әлдебір Қазанғап дегеннің баласы кімнің шікәрасы»[1]. Бұл толғаныс, Үкібаланың аяушылығы, Сәбитжан мен қарындасы Айзада, Едігенің адамды басқаратын радиоға сенбеуі, ауыл әйелдерінің әңгімесі барлығы бірге келе сол заманның талабын, заңын айқындап беретін бір әлеуметтік кеңістік картинасын құраған.

Романда халық арасында таралған аңыз-әңгіме Едігенің ескінің әңгімесін еске түсіруімен баян етіледі. Соның бірі Найман-Ана туралы аңыз. Бұл аңызда тікелей мағынасындағы мәңгүрт ұғымы қолданылса, автор осы арқылы Сәбитжан секілді мәңгүрттікке шалдыққан адамдар хақында оқырманға астарлы ой салады. Ол туралы жазушы: «Ғасырда да ұзақ күн» романын жазарда мәңгүрт тақырыбын үңіле зерттедім. Бала күнімізде жөн-жосықты білмейтін біреулерге: «Ей, мәңгүртсің бе өзің?» деп жатқанды құлағымызбен талай естідік. Адамның мәңгүрттікке қалай айналатынын білмесек те, сүйегіңнен өтер ауыр сөз екенін сезуші едік» дейді[2]. Шыңғыс Айтматов «мәңгүрт» ұғымын астарлай отырып, адамзаттың ұрпағы бет алған трагедияны ел арасында сақталған аңыз-әңгіме арқылы шебер көрсете білген.

Уақыт пен кеңістікті ішкі деңгейде қарыстырғанда таным-теориялық, әлеуметтік-психологиялық жоспарлар анық көріне бастайды. Хронотоптың бұл түрі романда жүйелі мінезге(системный характер) ие[3]. Автор оның өзгерісін нақты бір кейіпкердің әрекетімен, әрекетке итермелейтін ойымен, олардың осы шақ пен, тарихи дәуірге қатынасына байланыста қарастырады.

Прозалық шығармалардың негізгі компоненттерінің бірі – ән. Романда қазақтың халық әндері, өлең шумақтары жиі кездеседі. Музыка тарихтан сыр шертеді. Кейіпкерлерге өз(индивидуалды) уақыт пен кеңістігінен алыстап, сонау ғасырларға кері шегініп, сол дәуірдің жайын сезінуге әсер ететін, мәңгілік уақытпен кеңістікке жетелейтін құралдың бірі. Әсіресе

Раймалы ақынның өзі өлсе де, заман-заманды артқа қалдырған, сөнбейтін өлеңі ауық-ауық кірігіп, сол әсерде оқиға өрбіп жатады. Едігенің басталмай жатып аяқталған сезімі мен қимастығы мына өлең жолдарымен бірге ашылады:

..Қаратаудан көш қайтқанда,
Көкшетаудан көш қайтқанда,
Жәрмеңкеде күтпе мені Бегім-ай..

Шығармаларда мәдени-тарихи кеңістікті құрудағы негізі компоненттердің бірі халық әндері. Олар мәдениеттің бір бөлшегі болуымен қатар, шығуы, таралуы белігі бір тарихи оқиғаны меңзеп отырады.

Мәдени-тарихи уақыт пен кеңістік кейіпкерлердің қандай да бір тіршілігіне етене сіңіп кеткен салт-санадан, мінезі мен сөйленісінен, дүниеге деген көзқарасынан құралады. Кейіпкерлердің тілдік қолданысында кездесетін сол дәуірдің жаңа сөздері: космонавт, транзистор, космодром, радио, ракета және т.б. Баяндау барысында автор кейіпкерлердің өз ойын қазақ және орыс тілінде де айтқандарын көрсетеді. Сөйленісте орысша сөздер бар. Бұлар да романда берілген заманның ерекшелігінен, ұлттық мінез бен кейіпкердің ділінен хабар береді. Адамзаттың ғарышқа ұшуы, техниканың дамуы секілді тарихи оқиғалардың жанында отырып, алыстан кәуегер болған қазақтың тосын жаңалыққа тосырқай қарайтын мінезі мен үрейі бақыланады.

Биологиялық уақыт пен кеңістік кейіпкердің өміріндегі күнтізбелік және тәуліктік ырғанынан(ритм), оның қоршаған адамдар мен табиғаттан хабардар етеді. Романның алғашқы беттерінде биологиялық хронотоп аш түлкінің темір жолды бағып, қорек іздегенінен бастап, роман бойы жалғасып отырады. Күн мен түн ауысуы, пойыздардың батыстан шығысқа, шығыстан батысқа зулап жатуы, тоқтауы секілді уақыттың өзгерісі биологиялық хронотоп шеңберінде қамтылады. Шарасыз аңның тіршілігі роман бойы суреттелетін адамдар тіршілігіне кіріспе ретінде берілгендей. Ондағы биологиялық уақыт пен кеңістік белгілерін нақты сөздер мен сөз тіркестерінен аңғарамыз: «кешқұрым», «түн жамырар сәт», «пойыз өтіп кетіп, келесі пойыз келгенше..», «күз де таяп келеді», «Сарыөзектің күзі жақындап қалып еді», «кешкі алагеуім», «таң атып келеді», «таң азанмен», «қыс келіп қалды», «күн көтеріле бергенде» т.б.. Хронотоптың бұл түрі романның негізгі арқауы.

Романда табиғатта болып жатқан құбылыстар мен адамдар әлеміндегі толқыныс, тыныштық күйін қатар беру де жиі қолданылған. Осы арқылы

автор әр алуан уақыт кезеңіндегі адам болмысындағы заңдылықтарды, қоғам өмірінің шарттарын күнтізбелік және циркадтық ырғаққа тәуелділігін көрсетеді[3]. Ол әртүрлі жыл мезгілі мен тәуліктегі кейіпкерлердің өмір салтында болып жатқан үрдістер мен құбылыстарды толық сипаттайды және мезгілден хабар беріп, өмірмен байланыста қарауға мүмкіндік туғызады. Ал Боранды Едіге Қазанғапты соңғы сапарға алып шыққан бір күн – мәңгілік мұраттың ғасырлық шері мен шеменін сарапқа салған уақыт. Не өзгерген? Түк те. Қасірет қоғамдық жүйенің адамдар мінез құлқына дарытқан түрлі белгісімен алдыңнан шығады. Боранды Едігенің бір күнде ойлап-ойлап жауабын таппаған ғасырлық сұрақтары – түптеп келгенде, шешуі жоқ адами қасіреттердің басы да, аяғы да емес, жалғасы екенін көрсетеді[4].

«Ана-Бейітке екі сағаттай жол қалған. Қаралы керуен Сарыөзекпен сол бұрынғы сарында келе жатқан» деп басталатын сөйлемде биологиялық хронотоп пен физикалық хронотоп элементтері бар. Қаралы жұрттың аяқ алысы бір қалыпты ырғақпен қозғалып келе жатырғанын «бұрынғы сарында», «сау желген қалпынан әлі танбаған...» деген тіркестер аңғартады. Ал романдағы әрекет атаулы физикалық хронотоп аясында өрбиді. Автор оның өзгерісін уақыт ағысын көрсету мен кейіпкерді қоршап тұрған кеңістікті сипаттау арқылы береді.

Психологиялық хронотоптың негізін эмоциялар құрайды: алаңдау, күйіну, қуану, бейжай қарау т.б. Аталған категория түрі мінез ерекшелігі мен кейіпкердің көңіл-күйінің өзгеру себебін бақылауға мүмкіндік береді. Романдағы Едігенің психологиялық жай-күйі негізі эмоционалды жүкті арқалаған. Психологиялық хронотоп романның психологиялық шығарма екенін айқындай түскен. Бірнеше тағдырдың талқыға түсіп, тарам-тарам болған өмір жолына деген күйініші мен сүйінішін, шынайы ықыласын білдіріп отырады. Психологиялық уақыт пен кеңістік дегенде көз алдымызға Боранды Едіге мен Боранды Қаранардың арпалысы, сезім толқынысы келеді. Автор Едігенің жасырын сезімі, ішкі күйзелісінің пайда болуы мен Қаранардың күшіне мініп табиғи еркіндікті аңсауын қатар сипаттауда психологиялық параллелизмді қолданған. Яғни екі жанның ұқсастығы мен ерекшелігі, басым түсетін және әлсіз тұстары салыстыру барсында анықталады. Екі алай-дүлей күш иелерінің терең толқынысы мен психологиялық жай-күйі шебер суреттелген. Бірі ақыл иесі, бірі жануар. Екуінің де есімдеріне Боранды сөзі тіркесіп, иесінің мінез-құлқынан, жануардың тұрпатынан хабар береді. Романдағы Едігенің эмоционалды күйінің өзгерісі:

*Зәрипа кеткен соң, Едігенің ашуға булығып, түтізгі;
Балаларын шошытып алмайын деп, тістеніп, ашуына тосқауыл қоя білуі;
Бар ашуын Қара Нардан алуы;
Уақыт өте сабасына түсуі;
Ал Қаранардың арпалысы:
Қара күшіне мініп, қорға сыймауы;
Еркіндік аңсап, басқа елдің малына тиісуі;
Қанағатсыздық пен тойымсыздық күшіне берілуі;
Иесінің қарғысына ұшырауы;
Уақыт өте сабасына түсіп, қайта оралуы;*

Сонымен қатар мәдени-тарихи хронотопты құрайтын ел аузында қалған аңызға бергісіз әңгіме «Раймалы-ағаның Әбділханға айтқанының» романға кірігуі осы психологиялық уақыт пен кеңістікпен кезектесе келеді. «Қазанғап Едігенің басында не дауылдар көшіп жатқанын түсінді ме, әйтеуір демеу болсын деп, әдейі жөткірініп алып, Едіге басын көтерген кезде, былай деді: – Ау сені көндіріп, содан бір пайда табатын адамдай мен несіне сені үгіттей беремін. Менсіз де өз ақылың өзіңе жетеді. Алда-жалда, сен Раймалы-аға емессің де, мен де Әбділхан емеспін ғой. Мен Әбділхан болған күнде де, бұл қу далада атпен шауып іздесең де сені таңып, байлап тастайтын бір түп тал табылмайды. Сен азат адамсың, не істесең – қалауың біледі. Тек құйысқаның көтерілер алдында мықтап ойлан»[1]. Осылайша Қазанғап Боранды Едігеге азаттық берем деп, тосқауыл қоя білді. Ел аузында қалған осынау аңыз Едігенің өз жолынан таймай, еркіндігін жүгендеуіне себеп болған.

Айтматов – адам еңбегі мен олардың кісілік қасиетін, кие мен дәстүрдің аңыздарын, махабат пен сұлулықты дәріптеуде гуманист жазушы. Ал тілі мен образдар жүйесінде суреткерлік мол. Және дүниетаным кеңістігіндегі эпикалық мәнерде манасшылдық бар. Оның шығармашылығында уақыт пен кеңістік категориясы көркемдікке қызмет ететін шартты ұғым[4]. Жазушының кейіпкерлері ерекше, тақырыбы ауқымы кең әрі терең. Қуанышта да қиын-қыстау заманда да көрінетін қазақы мінезге тән дархан көңіл кейіпкерлер арасын жалғап жатыр. Романда түрлі күй мен тағдырды бастан кешкен бас кейіпкердің жай-күйі, жан-жағындағы ниеті таза жандардың өмірі мен өкініші кімді де болсын толғандырмай қоймайды. Сонымен қатар романда жер үстінде болып жатқан оқиғалар легімен аспан әлемі қатар баяндалған. Бұл тәсілді автор бір оқиғадан екінші бір оқиғаға өтуді бейнелі түрде елестете алуға, адам

сансында сюжеттің жалғасын қисынды келтіру үшін қолданған болса керек.

Жоғарыда айтып өткеніміздей роман құрылымын жүйелеп тұрған категориялар шығарма көркемдігінің негізі. Бір мәтін бөлігін, бір сөзді немесе сөз тіркесін хронотоптың нақты бір түріне байлап қоя алмаймыз. Өйткені бір сөйлемде бірнеше уақыт пен кеңістіктің элементтері кездесуі мүмкін. Негізгі оқиғаның өту уақыты осы күн болса, өту кеңістігі адамның көңіл көкжиегі, сана шеңбері. Жадыда сақталған естеліктер легі бүгін болып жатқандай шынайы уақытқа тәуелсіз. Бір күн бір ғасырға созылғандай немесе бір ғасырдың бір күнде өте шыққандай әсер қалдыруы соның дәлелі. Бұл автордың шығарма сюжетін шашыратпай байлаған негізі арқауы дей аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Айтматов, Ш. Ғасырдан да ұзақ күн. – Алматы: Атамұра, 2005. – 312 б.
- 2 Айтматов Ш. Найман-Ана Тынық мұхитты көктей өтіп, манхет сахнасына жетті // Жас Алаш(14604) 2003. – №32. – 3б.
- 3 З.Бахтин, М. Формы времени и хронотопа в романе. Очерки по исторической поэтике.
- 4 Темирболат А. Категории хронотопа и темпоральношо ритма в литературе. Монография. – Алматы: Ценные бумаги, 2009. – 504 с
- 5 Қаныкейұлы, Е. Айтматов шығармалары мәңгілік мұңымен ерекше // Қазақ әдебиеті (3677) 2019. – №42. – 3б.
- 6 Қаныкейұлы Е. М.О.Әуезов прозасындағы көркемдік уақыт пен кеңістік. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. – Алматы, 2010
- 7 Қабдолов З.Қ. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002. – 360 б
- 8 Лихачев Д.С. Поэтика древнерусской литературы. – М.: Наука, 1979. – 655 с.
- 9 Майтанов Б.К. Психологизм в художественной литературе. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 235 с